

Л.Н.ГУМИЛЕВ ат. ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТИ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени Л.Н.ГУМИЛЕВА
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY
Л.Н. ГУМИЛЕВ ат. ЕҰУ ЖАНЫНДАҒЫ ЗАМАНАУИ ЗЕРТТЕУЛЕР ИНСТИТУТЫ
ИНСТИТУТ СОВРЕМЕННЫХ ИССЛЕДОВАНИЙ ЕНУ имени Л.Н.ГУМИЛЕВА
IMS OF LN GUMILYOV ENU
ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР ИНСТИТУТЫ
ИНСТИТУТ ЭКОНОМИЧЕСКИХ ИССЛЕДОВАНИЙ
ECONOMIC RESEARCH INSTITUTE
«ҚАРЖЫЛЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАРДЫ ЗЕРТТЕУ ЖӨНІНДЕГІ ОРТАЛЫҚ» РМҚ
РГП «ЦЕНТР ПО ИССЛЕДОВАНИЮ ФИНАНСОВЫХ НАРУШЕНИЙ»
RSE «CENTRE FOR FINANCIAL VIOLATIONS RESEARCH»



**«ӘЛЕМДІК ЭКОНОМИКАНЫҢ ТУРБУЛЕНТТІЛІК РЕЖИМГЕ КІРУ
ЖАҒДАЙЫНДА ЕЛДІҢ СЫРТҚЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ»**

Халықаралық ғылыми- тәжірибелік конференциясының

ЕҢБЕКТЕРІ

ТРУДЫ

Международной научно-практической конференции

**«ВНЕШНЕЭКОНОМИЧЕСКАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ СТРАНЫ
В УСЛОВИЯХ ВСТУПЛЕНИЯ МИРОВОЙ ЭКОНОМИКИ
В РЕЖИМ ТУРБУЛЕНТНОСТИ»**

Works of the international scientific- practical conference

**«FOREIGN ECONOMIC ACTIVITY OF THE COUNTRY IN CONDITIONS
OF ENTRY OF THE WORLD ECONOMY TO THE MODE
OF TURBULENCE»**

2 часть

2015

Астана

УДК 339.9(063)
ББК 65.5
Ә 52

Редакция алқасы

МАДИЯРОВА Д.М. – төрағасы, э.ғ.д., профессор
РАХМЕТУЛИНА Ж.Б. – төраға орынбасары, э.ғ.к., профессор, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Экономика» кафедрасының меңгерушісі
АХМЕТЖАНОВА С.Б. - э.ғ.д., профессор, Ғылыми экономикалық сараптама орталығының директоры, Экономикалық зерттеулер институты
АЗАТБЕК Т.А. – э.ғ.д., профессор
ЕГЕМБЕРДИЕВА С.М. – э.ғ.д., профессор
РАИМБЕКОВ Ж.С. – э.ғ.д., профессор
ШАЛБОЛОВА У.Ж. – э.ғ.д., профессор
КӘРІБАЕВ Ә.А. - э.ғ.к., Қолданбалы ғылыми зерттеулер бөлімінің меңгерушісі, Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің «Қаржылық бұзушылықтарды зерттеу жөніндегі орталық»
СЫДЫҚНАЗАРОВ М.Қ. - ф.ғ.к., саясаттану PhD докторы, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ жанындағы Заманауи зерттеулер институтының директоры
ТЛЕСОВА Э.Б. - э.ғ.к., доцент

Ә 52 «Әлемдік экономиканың турбуленттілік режимге кіру жағдайында елдің сыртқы экономикалық қызметі» халықаралық ғылыми- тәжірибелік конференциясының еңбектері. - Астана: Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2015.-577б.

Труды международной научно-практической конференции «Внешнеэкономическая деятельность страны в условиях вступления мировой экономики в режим турбулентности».- Астана: Евразийский национальный университет им.Л.Н.Гумилева, 2015.-577с.

Works of the international scientific- practical conference «Foreign economic activity of the country in conditions of entry of the world economy to the mode of turbulence».- Astana: L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2015.-p.577.

ISBN 978-601-301-521-7

УДК 339.9(063)
ББК 65.5

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2015
© Евразийский национальный университет им. Л.Н.Гумилева, 2015

ISBN 978-601-301-521-7

4. Мырзахметова А.М. ВТО и внешняя торговля Казахстана. – Алматы: Қазақ университеті. № 4. 2009.

ОӘК 336.027

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАРЖЫЛАРЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ

Ғ.Е. Керімбек, А.К. Керимбек, Ж.А. Дулатбекова

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті
"Тұран Астана" университеті, Астана қ., Қазақстан
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті

Мемлекетіміздің Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты жолдауында Қазақстанның әлемдегі ең дамыған 30 елдің қатарына кіру мәселесін қозғады. Онда былай делінген: «Әлемнің дамыған 30 елінің қатарына ұмтылыс кезінде бізге адал бәсекелестік, әділеттілік, заңның үстемдігі және жоғары құқықтық мәдениет ахуалы қажет». Нарықтық қатынастардың құрылымында мемлекеттік қаржы зор рөл атқарады. Мемлекеттің қаржысы мемлекеттің экономикалық, әлеуметтік, саяси функцияларын орындау үшін оны қажетті ақшалай ресурстармен қамтамасыз ететін елдің қаржы жүйесінің маңызды саласы болып табылады және олар экономика мен социумдағы сан алуан өзара байланыстарды қамтитын мемлекеттік сектордың өндірістік және әлеуметтік қатынастардағы іс-қимылмен байланысты. Мемлекет қаржысының іс-әрекеті кезінде өзара тығыз байланысты екі үдеріс пайда болады: мемлекеттік құрылымдардың қарамағына қаржы ресурстарын жұмылдыру және қаражаттарды мемлекеттің әр түрлі қызметтеріне пайдалану. Бұл үдерістің алғашқысы өзінің көрінісін мемлекеттің кірістері ұғымында, екіншісі мемлекеттің шығыстарында табады. Аталған ұғымда жеке дара звенолардың әрқайсысы спецификалық орын алады сонымен қатар республикалық және жергілікті деңгейлерде іс-әрекет етеді.

Қазақстан Республикасының 2011-2014 жылдардағы республикалық бюджеті елдің әлеуметтік-экономикалық болжамына негізделіп, өткен жылдардағы дамудың экономикалық көрсеткіштері ескеріле отырып қалыптастырылды [2].

Мемлекет басшысы Қазақстан халқына «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты жолдауына қойған міндеттерді ескере отырып, бюджет үдерісінің шеңберінде әлеуметтік-экономикалық дамудың үш жылғы кезеңге арналған басымдықтарын іске асыруға бағытталған шығыстардың жаңа бастамалары айқындалған болатын. Әлемдік қаржылық және тауар нарығындағы ағымдағы үрдістерді ескере отырып, экономиканы дамытудың түзетілген сценарийлері негізінде бір

жылдың ішінде Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2012-2016 жылдарға арналған болжамы екі рет нақтыланды. Сәйкесінше 2012-2014 жылдарға арналған республикалық бюджетті нақтылау екі рет жүргізілді. Республикалық бюджетті бірінші рет нақтылау 2012 жылдың 1-тоқсанында Мемлекет басшысының 2012 жылғы 27 қаңтардағы «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауының бағыттарын іске асыру үшін жүргізілді. Қосымша кірістер, кейінгі қалдыру шарттарымен басымдықты емес шығыстарды және бюджеттік инвестицияларды қысқарту есебінен шығыстарды оңтайландыру, 2010 жылдың қорытындылары бойынша бюджет қаражатының қалдықтарын тарту нақтылау үшін көздер болып табылады.

Мемлекет Басшысының «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Жолдауында қойған міндеттерді есепке ала отырып, 2013-2015 жылдарға арналған бюджет шығыстарының негізгі басымдықтары мыналар болды:

- халықтың жұмыспен қамтылуын арттыру;
- халықты қолжетімді баспанамен қамтамасыз ету;
- өңірлік даму;
- адами капиталдың сапалы өсімі;
- халықтың тыныс-тіршілік жағдайларын жақсарту;
- индустриялық-инновациялық дамыту;
- мемлекеттің әлеуметтік міндеттемелерін толық көлемде орындау [3].

Экономиканың одан әрі өсімін қамтамасыз ету үшін бюджет саясаты халықтың әл-ауқатын арттыруға, экономиканы жаңғыртуға және әртараптандыруға, мемлекет тарапынан ішкі сұраныстың қажетті деңгейін қолдауға бағыттылықты сақтады. Мемлекеттік шығыстардың көлемі бір жағынан жиынтық сұранысты қолдауды, екінші жағынан – мемлекеттік инвестициялар есебінен инвестициялық белсенділікті қамтамасыз ететін деңгейде қолдау тапты. Әлемдік қаржы және тауар нарықтарындағы ағымдағы үдерістерді есепке ала отырып, экономиканы дамытудың түзетілген сценарийлері негізінде бір жыл ішінде Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2013-2017 жылдарға арналған болжамы мен 2013-2015 жылдарға арналған республикалық бюджетті нақтылау екі рет жүргізілді.

2013 жылы ел экономикасы әлемдегі экономикалық белсенділіктің бәсеңдеуі жағдайында дамыды. 2013 жылы Халықаралық валюта қорының деректері бойынша әлемдік экономиканың өсуі 3,3 %-ды құрады. Қазақстанның жалпы ішкі өнімінің өсуі 6,0%-ды құрады. Есептік деректер бойынша, жан басына шаққанда ЖІӨ 13,6 мың АҚШ долларын құрады, бұл 2012 жылға қарағанда 12,3%-ға жоғары. Макроэкономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету негізгі экономиканың даму шарттарының біріне айналды. 2013 жылы орташа айлық номиналды жалақы номиналды мәнінде 107,8%-ға өсіп 109,1 мың теңгені құрады. Нақты жалақы индексі 101,9%-ды құрады. Халықаралық резервтердің 2013 жылы көлемі 10,8%-ға ұлғайып, 95,5 млрд.АҚШ долларын құрады. Оның ішінде Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының активтері жыл басынан 22,2%-ға өсіп, 70,8млрд.АҚШ долларын құрады. Мемлекеттік

бюджеттің түсімдері 2013 жыл бойынша 6382,4 млрд. теңгені, оның ішінде салықтық түсімдер – 4479 млрд. теңгені, салықтық емес түсімдер – 141,7 млрд. теңгені, трансферттер түсімдері – 1405,5 млрд. теңгені құрады. Мемлекеттік бюджеттің шығыстары 2013 жылғы шығыстары 6852,7 млрд. теңгені құрады. Мемлекеттік бюджеттің барлық шығыстарының шамамен 50%-ы білім беруге, әлеуметтік көмекке және денсаулық сақтауға бағытталған. 2013 жылы шығыстардың түсімдерден асып түсуі нәтижесінде мемлекеттік бюджет тапшылығы 700,9 млрд.теңге болып қалыптасты. Қазақстан Республикасының 2015-2019 жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық саясаты Мемлекет басшысының 2014 жылғы 17 қаңтардағы «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауында айқындалған стратегиялық сипаттағы шараларды жүзеге асыруға бағытталатын болады.

2015-2017 жылдарда әлеуметтік-экономикалық дамудың қойылған мақсаттарын ескере отырып, республикалық бюджет шығындарының негізгі басымдықтары:

- 1) мемлекеттік әлеуметтік міндеттемелерді толық көлемде орындау;
- 2) экономикалық жаңғырту мен әртараптандыру;
- 3) тұрғындардың жұмыспен қамтылуын қамтамасыз ету;
- 4) тұрғындардың тұрмыс жағдайын жақсарту және тіршілікті қамтамасыз ету инфрақұрылымының сапалық жаңарту;
- 5) әлеуметтік жаңғырту және мемлекеттік қызмет сапасын арттыру;
- 6) өңірлік даму;
- 7) шағын және орта бизнестерді дамытуды қолдау;
- 8) қорғаныс қабілеттілігін, ұлттық қауіпсіздікті, құқық тәртібін және төтенше жағдайлардың алдын алу және жою шараларын күшейтуді іске асыру. [4].

Жоғарыда аталған болжамдардың, әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштерінің, мемлекет саясатының басым бағыттары ескеріле отырып республикалық бюджет туралы заңдар әзірленді. 2011-2014 жылдардың республикалық бюджеті Қазақстан Республикасының «2011-2013 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы», «2012-2014 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы», «2013-2015 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» және «2014-2016 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» заңдарына сәйкес қалыптасты. Жалпы 2011-2014 жылдардағы республикалық бюджеттің бекітілген және нақтыланған көрсеткіштері салыстырмалы түрде келтірілген және аталған заңдармен бекітілген көрсеткіштерді келесі 1-кесте көрсетіледі.

Бұл 1-кесте арқылы республикалық бюджеттің негізгі параметрлері жыл сайын өсіммен қалыптасып отырғанын көреміз. Мәселен, кірістер көлемі 2013 жылы 2012 жылмен салыстырғанда 8,9%-ға өссе, 2014 жылы 2013 жылғыдан 17,1%-ға артты. Яғни, бірқалыпты өсім байқалып отыр. Республикалық бюджет шығындарына келетін болсақ, 2013 жылы алдыңғы жылмен салыстырғанда 8,4%, ал 2014 жылы өсім 14,5% болды.

Бұлардан басқа назар аударатын жағдай бюджет тапшылығының 2014 жылы 2013 жылмен салыстырғанда 21,9%-ға азаюы. Бұл Мемлекет басшысының «Қазақстан-2050» стратегиясында берген бюджет тапшылығын

азайтуға қатысты тапсырмаларының орындалуына бағыт алынғандығын көрсетеді. Бюджет кірістерінің өсуі негізінен салық түсімдерінің болжанатын ұлғаюымен қамтамасыз етіледі.

Экономикалық мәні жағынан мемлекеттің қаржысы – мемлекеттің, оның кәсіпорындарының қаржы ресурстарын қалыптастырып алынған қаржыларды мемлекет пен оның кәсіпорындарының функцияларын орындауға пайдалану үшін қоғамдық өнімнің құны мен ұлттық байлықтың бір бөлігін бөлу және қайта бөлумен байланысты ақшалай қатынастарды білдіреді.

Кесте 1 - 2011-2014 жылдардағы республикалық бюджеттің негізгі көрсеткіштері, млрд.теңге

	2011ж	2012ж	өсім, %	2013ж	өсім	2014ж	өсім, %
Кірістер	4346,2	4729,9	8,8	5152,7	8,9	6034,0	17,1
салықтық түсімдер	2934,9	2951,7	0,6	3511,7	19,0	3813,6	8,6
салықтық емес түсімдер	86,4	241,3	179,3	88,9	-63,2	119,3	34,2
негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	14,2	19,7	38,8	7,7	-60,9	7,7	0
трансферттер түсімдері	1310,8	1517,2	15,8	1544,4	1,8	2093,6	35,6
Шығындар	4647,4	5301,0	14,1	5743,7	8,4	6574,9	14,5
Таза бюджеттік кредит беру	91,2	50,8	-44,3	40,8	-19,6	46,5	14
бюджеттік кредиттер	184,5	174,5	-5,4	122,1	-30,0	118,7	-2,8
бюджеттік кредиттерді өтеу	93,3	123,8	32,6	81,3	-34,3	72,1	-11,3
Қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойыншасальдо	338,0	361,2	6,9	158,7	-56,1	131,6	-17,1
қаржы активтерін сатып алу	338,3	361,7	6,9	167,5	-53,7	132,7	-20,8
мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	0,3	0,5	64,5	8,8	1627,5	1,1	-87,5
Тапшылық	-730,4	-983,1	34,6	-790,6	-19,6	-963,5	-21,9
Бюджет тапшылығын қаржыландыру	730,4	983,1	34,6	790,6	-19,6	963,5	21,9
Е с к е р т у – «2011-2016 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Заңның деректері негізінде							

Экономикалық категория ретіндеолар қоғамдық өндірісті дамытып, жетілдіру, қоғамның сан алуан қажеттіліктерін қанағат-тандыру мақсатындаішкі жалпы өнімнің бір бөлігін бөлумен және тұтынумен байланысты экономикалық қатынастарды білдіреді. Мемлекеттік шығындардың құрамына мемлекеттік бюджеттің, бюджеттен тыс қорлардың, мемлекеттік кәсіпорындар мен ұйымдардың, өндірістік және өндірістік емессалалардағы мекемелердің шығындары кіреді.

Әдістеме бюджет қаражатының бекітілген немесе аз көлемін пайдалана отырып, ең жақсы тікелей нәтижеге қол жеткізу мақсатында бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджет қаражатын пайдаланудың нәтижелігі мен тиімділігін қамтамасыз ету жөніндегі шаралардың тиімділігін анықтауға арналған.

Тиімділікті бағалау:

1) орталық мемлекеттік органдардың төмен тұрған бюджеттеріне бөлінген субвенциялардан, бөлінетін бағдарламалардан, нысаналы трансферттерден және кредиттерден басқа, барлық бюджеттік бағдарламалар.

2) облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдарының бюджеттік даму бағдарламалары бойынша жүзеге асырылады.

Қорыта келгенде республикалық бюджетті атқаруда маңызды параметрлер негізінен орындалуда. Бюджеттің кірістері мен шығыстарын жоспарлаудағы кемшіліктер, сондай-ақ, бюджет-салық заңнамаларында кездесетін кемшілік тұстар қалыптасқан жағдайдың негізгі себебі болып, бюджетті бірнеше рет нақтылауға және түзетуге, мемлекеттік тапсырыстар бойынша міндеттемелердің уақтылы орындалмай қалу қатерін арттыруға, сондай-ақ, елеулі қаржылық бұрмалаушылықтарға алып келеді.

Әдебиеттер тізімі

1. «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтің Қазақстан халыққа Жолдауы// - Астана. Елорда, 14 желтоқсан 2012.

2. Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің ресми сайты. 2011-2015 жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық даму болжамы. - 30б.

3. «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту - Қазақстан дамуының басты бағыты» Қазақстан Республикасының Президенті-Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы, 19 ақпан 2012.

4. Қазақстан Республикасының 2015-2019 жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық даму болжамы.

УДК 338.482.2(574)

СОВЕРШЕНСТВОВАНИЕ ГОСУДАРСТВЕННОГО РЕГУЛИРОВАНИЯ ТУРОПЕРАТОРСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН

А.К. Кикбаева

Карагандинский государственный университет
имени Е.А. Букетова, г. Караганда, Казахстан

В обращении к народу Казахстана «Стратегия-2050» президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева определено множество задач, одна из